

№2 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 2 желтоқсан 2024 жыл

Өткізілген орны: «Еркемай» балабақшасы

Қатысқандар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Денсаулық сақтау технологиясын балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету мақсатында тәжірибеге енгізу
2. «Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды сауықтыру жөніндегі жұмыстардың нәтижелілігі туралы» тақырыптық бақылау қорытындысын шығару
3. Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындау туралы нұсқау
4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін көрсетуге дайындалуға нұсқаулық
5. №3 педагогикалық кеңеске дайындық

1-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: Денсаулық сақтау технологиясын балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету мақсатында тәжірибеге енгізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші Кабакова Рауза Абилямжоновна денсаулық сақтау технологияларын білім беру процесінде қолдану тәжірибесімен бөлісті. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сергіту сәттері, тыныс алу жаттығулары, саусақ гимнастикасы, көзге арналған жаттығулар, қимылды ойындар және шынықтыру шараларының тиімділігі туралы айтылды. Денсаулық сақтау технологияларын жүйелі қолдану балалардың қозғалыс белсенділігін арттырып, салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна денсаулық сақтау технологияларын күнделікті оқу-тәрбие процесінде пайдалану балалардың шаршауын азайтып, оқу әрекетіне қызығушылығын арттыратынын айтты. Еркінова Ботагоз Саматқызы шынықтыру шаралары мен қимылды ойындардың балалар денсаулығын нығайтудағы маңызына тоқталды.

2-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: «Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды сауықтыру жөніндегі жұмыстардың нәтижелілігі туралы» тақырыптық бақылау қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Б.А. жүргізілген тақырыптық бақылаудың қорытындысымен таныстырды. Бақылау барысында педагогтердің денсаулық сақтау технологияларын қолдану деңгейі, сауықтыру іс-шараларының жүйелілігі және олардың балалардың денсаулығына әсері зерделенгені айтылды. Жалпы алғанда жұмыстардың талапқа сай

жүргізілетіні, алайда кейбір топтарда сауықтыру шараларын түрлендіру қажеттілігі анықталғаны хабарланды.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна бақылау қорытындысында көрсетілген ұсыныстарды жұмыс барысында ескеретінін айтты.

Тәрбиеші Шамилова Айымгул Батырбекқызы балалардың денсаулығын нығайту бағытындағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныс білдірді.

3-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындау туралы нұсқау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Б.А. мен медбике мектепке дейінгі ұйымдарда режимдік сәттерді ұйымдастыру кезінде санитариялық талаптарды сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Балалардың күн тәртібі, тамақтануы, ұйқы режимі, серуен ұйымдастыру, топ бөлмелерін желдету және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау мәселелері қарастырылды.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиешілер санитариялық талаптарды сақтау балалар денсаулығын қорғаудың негізгі шарты екенін атап өтті.

режимдік сәттерді ұйымдастыру барысында талаптарды қатаң сақтайтынын жеткізді.

4-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетуге дайындалуға нұсқаулық.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Б.А. ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізудің мақсаты мен міндеттері туралы түсіндіріп, дайындық барысында оқу қызметінің құрылымына, әдіс-тәсілдердің тиімді таңдалуына және көрнекілік құралдарының сапасына ерекше назар аудару қажеттігін айтты.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна ашық оқу қызметін өткізу бойынша тәжірибесімен бөлісті.

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында инновациялық әдістерді қолдану туралы ұсынысын айтты.

5-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: №3 педагогикалық кеңеске дайындық.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Б.А. №3 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары туралы ақпарат берді. Педагогикалық кеңестің мақсаты – оқу жылының бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстардың нәтижелерін талдау, балалардың даму көрсеткіштерін саралау, білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған міндеттерді айқындау.

Педагогикалық кеңеске дайындық барысында төмендегі жұмыстарды ұйымдастыру қажеттігі атап өтілді:

- Педагогикалық кеңестің күн тәртібін нақтылау;
- Баяндамалар мен хабарламаларды әзірлеу;
- Мониторинг қорытындыларын жинақтау және талдау;
- Балалардың білім, білік, дағдыларының даму көрсеткіштері бойынша ақпарат дайындау;
- Тақырыптық бақылаулардың қорытындыларын рәсімдеу;
- Педагогтердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің материалдарын жинақтау;
- Көрме және әдістемелік материалдарды дайындау;
- Қажетті құжаттардың толықтығын тексеру.

Әдіскер Ботагоз Аманжоловна жауапты педагогтерге тапсырмалар беріп, материалдарды белгіленген мерзімде тапсыру қажеттігін ескертті.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Педагогикалық кеңеске қажетті материалдарды белгіленген мерзімге дейін толық дайындау.
2. Мониторинг нәтижелерін талдап, анықталған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу.
3. Әр педагог өзінің жұмыс нәтижелері бойынша қысқаша есеп дайындау.
4. Әдістемелік және көрнекілік материалдардың сапасына ерекше назар аудару.
5. Педагогикалық кеңестің мазмұнды әрі нәтижелі өтуін қамтамасыз ету.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Кабакова Рауза Абильмажуновна педагогикалық кеңеске қажетті есептер мен талдау материалдарын уақытылы дайындайтынын айтты, балалардың даму мониторингінің нәтижелерін жинақтау жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарлады.

Пән мұғалімі Жаманова Нурия Ажбаевна жартыжылдықта өткізілген іс-шаралардың қорытындыларын ұсынуға дайын екенін жеткізді.

ҚАУЛЫ:

1. Денсаулық сақтау технологияларын оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде қолдану жалғастырылсын.
2. Тақырыптық бақылау барысында анықталған ұсыныстар педагогтердің жұмысында ескерілсін.
3. Режимдік сәттерді ұйымдастыруда СанПин талаптарының сақталуы тұрақты бақылауда болсын.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық сапалы ұйымдастырылсын.
5. №3 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары белгіленген мерзімде аяқталсын.
6. Қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

БАЯНДАМА

«Денсаулық сақтау технологиясын балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету мақсатында тәжірибеге енгізу»

Құрметті әріптестер! Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Қазіргі таңда балалардың денсаулық жағдайын жақсарту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, денсаулық мәдениетін қалыптастыру мәселелері ерекше маңызға ие болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологияларын тиімді пайдалану – педагог жұмысының маңызды бағыттарының бірі.

Денсаулық сақтау технологиялары – бұл баланың денсаулығын сақтауға, нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық, психологиялық және медициналық іс-шаралар жүйесі.

Мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологияларын қолданудың мақсаты – балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік саулығын қамтамасыз ету, денсаулыққа жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру.

Денсаулық сақтау технологияларының негізгі бағыттары

1. Қозғалыс белсенділігін арттыру технологиялары

Баланың денсаулығы оның қозғалыс белсенділігімен тығыз байланысты. Сондықтан күн тәртібінде келесі жұмыстар тұрақты ұйымдастырылуы қажет:

- Ертеңгілік жаттығулар;
- Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері;
- Сергіту сәттері;
- Қимылды ойындар;
- Спорттық ойындар мен жарыстар;
- Серуен кезіндегі қозғалыс әрекеттері.

Бұл жұмыстар балалардың дене дамуын жетілдіріп, ағзаның төзімділігін арттырады.

2. Сауықтыру технологиялары

Сауықтыру жұмыстары балалардың иммунитетін нығайтуға бағытталады:

- Таза ауада серуендеу;
- Ауа және күн ванналары;
- Су процедуралары;
- Табанға арналған массаж жолақтары;
- Тыныс алу жаттығулары.

Аталған жұмыстар балалардың аурушандығын төмендетуге мүмкіндік береді.

3. Психологиялық денсаулықты сақтау технологиялары

Баланың эмоционалдық жай-күйі оның жалпы денсаулығына әсер етеді.

Сондықтан педагогтер:

- Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруы;
- Балаларды мадақтау және қолдау әдістерін қолдануы;
- Релаксациялық жаттығулар ұйымдастыруы;

- Коммуникативтік ойындарды өткізуі қажет.

Баланың өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінуі оның толыққанды дамуына жағдай жасайды.

4. Денсаулық туралы білім қалыптастыру технологиялары

Балаларға денсаулықтың құндылығы туралы қарапайым түсініктер беріледі:

- Жеке бас гигиенасын сақтау;
- Дұрыс тамақтану;
- Күн тәртібін орындау;
- Таза ауада серуендеудің маңызы;
- Қауіпсіз мінез-құлық ережелері.

Бұл жұмыстар күнделікті өмірде жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Педагогтің рөлі

Денсаулық сақтау технологияларын жүзеге асырудағы басты тұлға – педагог. Тәрбиеші:

- Балалардың денсаулық жағдайын ескеруі;
- Жас ерекшеліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді таңдауы;
- Қауіпсіз орта құруы;
- Ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізуі қажет.

Педагогтің жеке үлгісі де балалар үшін маңызды. Сондықтан тәрбиеші салауатты өмір салтын насихаттаушы болуы тиіс.

Ата-аналармен жұмыс

Балалардың денсаулығын сақтау жұмыстары отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық арқылы тиімді жүзеге асады. Осы мақсатта:

- Консультациялар;
- Ата-аналар жиналыстары;
- Денсаулық күндері;
- Спорттық мерекелер;
- Ақпараттық бұрыштар ұйымдастырылады.

Қорытынды: Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына, белсенділігі мен өмірге деген қызығушылығының артуына ықпал етеді. Сондықтан әрбір педагог оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау технологияларын жүйелі түрде қолданып, балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуі қажет. «Дені сау бала – жарқын болашақтың кепілі». Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Тәрбиеші: Кабакова Рауза Абильмажуновна

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫ АНЫҚТАМАСЫ

Тақырыбы: «Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды сауықтыру жөніндегі жұмыстардың нәтижелілігі»

Бақылау мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдағы денсаулық сақтау технологияларын қолданудың тиімділігін анықтау, балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстардың сапасын бағалау.

Бақылау мерзімі: 01.11.2024-29.11.2024жж

Қамтылған топтар: «Жұлдызай» кіші тобы, «Қошақан» ортаңғы тобы, «Еркежан» ересек, «Ботақан» мектепалды топ

Бақылау барысында зерделенді:

- Денсаулық сақтау технологияларын ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қолдану;
- Ертеңгілік жаттығулардың өткізілуі;
- Сергіту сәттерінің ұйымдастырылуы;
- Тыныс алу, саусақ және көз жаттығуларының жүргізілуі;
- Қимылды ойындардың жүйелілігі;
- Серуен мен сауықтыру шараларының ұйымдастырылуы;
- Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуы;
- Денсаулық бұрыштарының жабдықталуы;
- Ата-аналармен жүргізілетін сауықтыру жұмыстары.

Бақылау нәтижесі:

Бақылау барысында педагогтердің денсаулық сақтау технологияларын оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде қолданатыны анықталды. Барлық топтарда күн тәртібіне сәйкес ертеңгілік жаттығулар ұйымдастырылып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай қимылды ойындар өткізілді.

Тәрбиешілер ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде сергіту сәттерін, тыныс алу жаттығуларын және саусақ гимнастикасын тиімді пайдаланады. Бұл балалардың шаршауын азайтып, оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Серуен кезінде балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған ойындар ұйымдастырылып, таза ауада сауықтыру шаралары жүргізіледі. Топтарда санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған.

Балалардың басым бөлігінде жеке бас гигиенасы дағдылары қалыптасқан. Балалар қол жуу, жеке заттарын пайдалану, тазалық сақтау ережелерін меңгерген.

Денсаулық бұрыштары қажетті материалдармен жабдықталған. Көрнекіліктер балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес безендірілген.

Сонымен қатар бақылау барысында төмендегідей кемшіліктер анықталды:

- Кейбір топтарда тыныс алу жаттығулары жүйелі жүргізілмейді;
- Сергіту сәттерінің түрлері жеткілікті деңгейде жаңартылмайды;
- Денсаулық сақтау технологияларының кейбір элементтері эпизодтық түрде қолданылады;
- Ата-аналарға арналған денсаулықты нығайту бойынша ақпараттық жұмыстарды жандандыру қажет.

Қорытынды: Жүргізілген бақылау нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балаларды сауықтыру бойынша жұмыстардың қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылғаны анықталды. Педагогтер денсаулық сақтау технологияларын тәжірибеде тиімді қолданып, балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуде.

Ұсыныстар:

1. Денсаулық сақтау технологияларын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тұрақты қолдану жалғастырылсын.
2. Тыныс алу жаттығулары мен сергіту сәттерінің түрлері жаңартылып отырсын.
3. Сауықтыру шараларының тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізілсін.
4. Ата-аналар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары күшейтілсін.
5. Денсаулық бұрыштарының мазмұны жүйелі түрде толықтырылып отырсын.

Әдіскер: Едильбаева Б.А.

РЕЖИМДІК СӘТТЕРДІ САНПИН ТАЛАПТАРЫНАСӘЙКЕС ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

Негізгі нормативтік құжаттар:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

Режимдік сәттерді ұйымдастырудағы негізгі талаптар:

1. Балаларды таңертең қабылдау

- Балаларды қабылдау кезінде олардың денсаулық жағдайына күнделікті визуалды бақылау жүргізіледі.
- Ауру белгілері байқалған жағдайда бала топқа қабылданбайды және ата-анасына хабарланады.
- Балаларды қабылдау барысында қол тазалығына, сыртқы келбетіне назар аударылады.

2. Таңғы ас, түскі ас, бесін ас уақытында

Тәрбиеші міндетті:

- Балалардың тамақтанар алдында қолдарын сабындап жууын қадағалау;
- Үстел басындағы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
- Асхана құралдарын дұрыс пайдалануын бақылау;
- Тамақтану кезінде тыныш әрі жайлы психологиялық орта қалыптастыру.

Балаларға тамақты күштеп жегізуге жол берілмейді.

3. Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде

- Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу жүктемесі сақталуы тиіс;
- Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет барысында сергіту сәттері өткізіледі;
- Көру жүктемесі жоғары әрекеттерден кейін көз жаттығулары ұйымдастырылады;
- Денсаулық сақтау технологиялары тұрақты қолданылуы қажет.

4. Серуенді ұйымдастыру

Санитариялық қағидаларға сәйкес серуен балалардың денсаулығын нығайтудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Тәрбиеші:

- Серуенді күн сайын ұйымдастырады;
- Қауіпсіздік ережелерін сақтайды;
- Қимылды ойындар өткізеді;
- Балалардың қозғалыс белсенділігін қамтамасыз етеді.

5. Күндізгі ұйқыны ұйымдастыру

- Ұйқы алдында бөлме желдетіледі;
- Ұйқы кезінде тыныштық сақталады;

- Әр бала жеке төсек-орнымен қамтамасыз етіледі;
- Ұйқыдан кейін сауықтыру жаттығулары жүргізіледі.

6. Жеке бас гигиенасы

Балаларда келесі дағдылар қалыптастырылуы тиіс:

- Қолды дұрыс жуу;
- Жеке сүлгіні пайдалану;
- Ұқыпты тамақтану;
- Киімді жинақтау;
- Тазалық сақтау.

7. Бөлмелерді желдету және санитарлық жағдай

- Топ бөлмелері жүйелі түрде желдетіледі;
- Ылғалды тазалау кестеге сәйкес жүргізіледі;
- Ойыншықтар санитариялық талаптарға сәйкес өңделеді;
- Ішуге арналған қауіпсіз ауыз су қамтамасыз етіледі.

Бақылау барысында жиі кездесетін кемшіліктер:

- Балалардың қол жуу алгоритмінің толық сақталмауы;
- Сергіту сәттерінің жүйесіз өткізілуі;
- Серуен кезінде қимылды ойындардың жеткіліксіз ұйымдастырылуы;
- Желдету режимінің сақталмауы;
- Балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына жеткілікті көңіл бөлінбеуі.

Ұсыныстар:

1. Барлық режимдік сәттерді бекітілген күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру.
2. Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын күнделікті бақылау.
3. Денсаулық сақтау технологияларын режимдік сәттердің барлық кезеңінде қолдану.
4. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын күшейту.
5. Топтарда қауіпсіз және қолайлы дамытушы орта құру.

Қорытынды: Режимдік сәттердің талапқа сай ұйымдастырылуы балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың, қауіпсіз әрі сапалы білім беру ортасын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Сондықтан әрбір педагог санитариялық қағидалардың талаптарын қатаң сақтауы қажет.

Әдіскер: Едилбаева Б.А.

Медбике: Атамас Н.Ю.

АШЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ КӨРСЕТУГЕ ДАЙЫНДАЛУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби шеберлігін көрсету, тәжірибе алмасу, заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапасын арттыру.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлау

Педагог:

- тақырыпты перспективалық жоспарға сәйкес тандайды;
- оқу мақсатын балалардың жас ерекшеліктеріне сай нақтылайды;
- күтілетін нәтижелерді анықтайды;
- қолданылатын әдіс-тәсілдерді алдын ала жоспарлайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет балалардың білім, білік және дағдыларын көрсетуге бағытталуы тиіс.

Құжаттарды дайындау

Көрсетілімге дейін:

- ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы әзірленеді;
- қажетті көрнекіліктер дайындалады;
- дидактикалық ойындар іріктеледі;
- қолданылатын материалдар жүйеленеді.

Жоспарда міндетті түрде мақсат, міндеттер, әдіс-тәсілдер, ресурстар және іс-әрекет кезеңдері көрсетілуі қажет.

Дамытушы ортаны ұйымдастыру

- Топ бөлмесінің санитарлық жағдайы талапқа сай болуы керек;
- Көрнекіліктер балалардың жас ерекшелігіне сәйкес орналастырылады;
- Қажетті құрал-жабдықтар алдын ала дайындалады;
- Қауіпсіздік талаптары сақталады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу барысында

Педагог:

- балаларға жағымды психологиялық ахуал қалыптастырады;
- балалардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді;
- сұрақ-жауап, ойын, зерттеу, тәжірибе элементтерін қолданады;
- әр баланың жеке ерекшелігін ескереді;
- уақытты тиімді пайдаланады.

Балалардың іс-әрекетке қызығушылығы мен белсенділігі басты назарда болуы тиіс.

Әдіс-тәсілдерді қолдану

Ашық көрсетілім барысында:

- ойын технологиялары;
- денсаулық сақтау технологиялары;
- зерттеу әдістері;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- сын тұрғысынан ойлау элементтері қолданылуы ұсынылады.

Әдістер сабақ мақсатына сәйкес тандалуы қажет.

Бағалау және қорытындылау

Іс-әрекет соңында:

- балалардың жетістіктері бағаланады;
- кері байланыс ұйымдастырылады;
- оқу мақсатының орындалуы талданады;
- балалардың жетістіктері мадақталады.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке қойылатын талаптар

- ✓ Мақсаттың нақтылығы;
- ✓ Балалардың белсенді қатысуы;
- ✓ Әдіс-тәсілдердің тиімділігі;
- ✓ Көрнекіліктердің сапасы;
- ✓ Уақыттың дұрыс бөлінуі;
- ✓ Денсаулық сақтау технологияларының қолданылуы;
- ✓ Қауіпсіздік талаптарының сақталуы;
- ✓ Педагогтің кәсіби шеберлігі.

Ұсыныстар:

1. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті алдын ала бірнеше рет пысықтау.
2. Балаларды жаттатудан аулақ болып, табиғи әрекет етуіне жағдай жасау.
3. Инновациялық әдістерді орынды қолдану.
4. Балалардың шығармашылығы мен дербестігін қолдау.
5. Іс-әрекеттің барлық кезеңдерінің өзара байланысын сақтау.

Қорытынды: Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет педагогтің кәсіби құзыреттілігін көрсететін маңызды жұмыс түрі болып табылады. Сондықтан дайындық барысында әдістемелік талаптардың сақталуына, балалардың белсенділігіне және оқу мақсатының орындалуына ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Әдіскер Едильбаева Б.А.